

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1382 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 29 қарашадағы N 1116 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 29 қарашадағы N 1116 Қаулысымен.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық түсіндіру жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру, құқықтық оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Жергілікті атқарушы органдар құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлесін.

3. "Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 591 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 21, 182-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жыл сайын, жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

5. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

бекітілген

**Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру,
азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007
жылдарға арналған бағдарлама**

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 14-622 к тапсырмасы
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі.
Мақсаты	Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті деңгейін арттыру.
Міндеттері	Қазақстан заңнамасын түсіндіру, онда анықталған кемшіліктерді жою жөнінде жұмыстар жүргізу; жаңа тұрпатты мемлекеттік қызметшілердің құқықтық даярлық деңгейін арттыру; бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау, құқықтық түсіндіру жұмысына дүниежүзілік "Интернет" желісін қоса алғанда, жаңа ақпараттық технологияларды п а й д а л а н у ; Құқықтық мәдениетті, құқықтық

тәрбиені қалыптастырудың өзекті проблемалары бойынша ғылыми

зерттеулерді жандандыру.

Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 198 млн. теңге сомасында қаржыландыруды талап етеді.

Республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі (млн. теңге), соның ішінде жылдар

б о й ы н ш а :

2005 жыл - 65 млн. теңге;

2006 жыл - 66,5 млн. теңге;

2007 жыл - 66,5 млн. теңге.

Көзделетін сомалар жыл сайын тиісті жылға арналған

республикалық бюджетті

қалыптастыру кезінде нақтыланатын

болады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру тізбесі олардың басымдықтарын негізге ала

отырып әзірленген нақты

іс-шаралардың негізінде жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Бағдарламада көзделген

іс-шаралардың орындалуы:

электронды БАҚ-та құқықтық

тақырыпқа арналған хабарлар

көлемін арттыруға;

республикалық мерзімді баспасөз

басылымдарындағы құқықтық тақырып

бойынша арнайы айдарлардың санын

ұ л ғ а й т у ғ а ;

республикалық радиода және

орталық мемлекеттік телеарналарда

құқықтық тақырып бойынша

телевизиялық бағдарламалар мен

радиохабарлардың санын ұлғайтуға;

құқықтық тақырып бойынша

оқу-әдістемелік, ғылыми және
басқа да әдебиеттерді шығару
көлемін арттыруға;
Қазақстан Республикасы
азаматтарының құқықтық мәдениеті
деңгейін елеулі түрде көтеруге,
құқықтық тәртіп пен заңды
құрметтеудің нақты жағдайын
о р н а т у ғ а ;
құқықтық түсіндіру жұмысын,
азаматтарды құқықтық оқыту мен
құқықтық тәрбиелеуді қамтамасыз
етуде мемлекеттік органдардың,
бұқаралық ақпарат құралдарының,
қоғамдық бірлестіктер мен
үкіметтік емес ұйымдардың
күш-жігерін үйлестіруге мүмкіндік

береді.

Іске асыру мерзімдері 2005-2007 жылдар

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасудың маңызды жолдарынан өтті. Республикада жүргізіліп жатқан құқықтық реформалармен қатар құқықтық мемлекет құру - сипатты белгілерінің бірі халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің биік деңгейі болып табылатын толыққанды азаматтық қоғам қалыптастыруды талап етеді.

Азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамытудың оңтайлы процесі қоғам мен мемлекет өміріндегі барынша маңызды әлеуметтік аспектілердің бірі болып табылады, өйткені ол азаматтық қоғамның барлық мүшелерінің құқық пен заң құндылықтарын толық қабылдауын қамтамасыз ете отырып, қоғамда азаматтық келісім мен құқықтық тәртіптің нығаюына және олардың одан әрі бірігуіне ықпал етеді.

Мұндай қоғамды ойдағыдай құру үшін, ең алдымен, жеке құқықтық сананы дамыту және құқықтың нормативтік-реттеушілік ролін ұғыну, сондай-ақ ел азаматтарына өз құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын шешімдерді қабылдау мен іске асыруда өздерінің тікелей қатысуына нақты мүмкіндік беру қ а ж е т .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысында мынадай бағыттар бөлініп көрсетілген: халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық хабардарлығын арттыру, экономикалық бағдарламаларды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін көтеру және заңдылықты, құқықтық тәртіпті, реттілікті нығайту. Бірақ көрсетілген бағыттардың барлығы бірдей толық көлемде орындалған жоқ.

Халықтың құқықтық мәдениет деңгейі жеткіліксіз деңгейде қалып келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 591 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдарға арналған жалпыға бірдей құқықтық оқудың кешенді бағдарламасының қолданылуы аяқталған кезден бастап, Республиканың мемлекеттік органдары құқықтық түсіндіру жұмысы саласындағы жүйелі тәсіл мен мақсатты бағыттылықты қамтамасыз ететін бірде-бір құжат қабылдаған жоқ, бұл құндық-құқықтық бос кеңістіктің туындауына әкеп соқтырды.

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 14-622 к тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі қағидаттарды:

кешенділік және нәтижелілік;
іске асырушылық (орындаушылық);
с а б а қ т а с т ы қ ;
ж ү й е л і л і к ;

атаулы бағыттылықты сақтай отырып, ауқымды ұйымдастырушылық шаралар кешенін орындауды көздейді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық оқыту мен тәрбие мәселелері өзара байланысты және өзара келісілген болып табылады, қоғамның өмір-тіршілігінің барлық жақтарына қатысты болады.

Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау көзқарасты өзгерту, жаңа үрдістерді, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеру, азаматтарды құқықтық қатынастардың жаңа түрлеріне бейімдеуге ықпал ету қажеттігін көрсетеді.

Құқықтық түсіндіру жұмысында, әсіресе құқықтық білім беру мектептерінде тыңдаушылардың құрамын айқындауда олардың білім деңгейін, айналысатын

кәсібінің түрін, салалық бағыттылығын ескере отырып, саралауға қол жеткізуіміз керек. Ақпараттар ағынының ұдайы ұлғаюы, оның жүйесіз сипаты мән-мағынасының біркелкіленуіне, халықтың қабылдамауына әкеп соқтырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуымен, жоғары тұрған мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындарының орналасуымен, мәдениет мекемелері санының көптігімен байланысты қала халқы жағдайының қолайлы екендігі баршаға мәлім. Сондықтан неғұрлым маңызды, түйінді проблемаларды бөліп алып, бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі - БАҚ) мүмкіндігін пайдалана отырып, оларды дәйекті түрде жариялауға, түсіндіруге қол жеткізген орынды. Алайда мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланған және эфирге шыққан телевизия және радио бағдарламаларын талдау құқықтық тақырыпты ашудың әлі де жеткіліксіз жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді.

Мемлекеттік органдардың, әрбір мемлекеттік қызметшінің, кәсіби заңгердің, әсіресе құқықтық түсіндіру жұмыстарына қатысатын құқық қорғау жүйесі субъектілерінің, сондай-ақ ғылыми мекемелердің, ғылыми-педагогикалық кадрлардың ролін көтеру қажет. Өз кезегінде оқу орындары, ғылыми мекемелер мемлекеттік органдардың қатысуымен осы проблемаларға зерттеулер жүргізу мен оның теориялық базасын жандандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Осы саладағы перспективалы ғылыми әзірленімдер жүргізетін жас ғалымдарды ынталандыру мақсатында гранттар беру жүйесін дамыту, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық тәрбиесінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулермен айналысу үшін жағдай жасау қажет.

Алда құқықтық түсіндіру жұмысы саласындағы мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріндегі бытыраңқылықты еңсеру міндеті тұр. Әділет органдарының деректері бойынша республикада 156 мыңнан астам тыңдаушы қатысатын 3800-ден астам құқықтық білім беру мектептері жұмыс істейді. Алайда, талдау республиканың облыстары мен қалаларында осы проблеманы шешудің әртүрлі тәсілі бар екендігін көрсетеді. Кейбір өңірлерде сан "қуушылық" байқалады... .

Демек, бірыңғай талаптар, ортақ әдіснама әзірлеу қажет, жаңа ақпараттық технологиялардың жетістіктерін ескере отырып, құқықтық түсіндіру жұмыстарының іс-шараларын өткізудің нысандары мен әдістерін өзгерту талап етіледі. Құқықтық түсіндіру жұмысының негізгі нысандарының бірі ретіндегі дәрістік насихаттың ролі әлсіреген. Осыған еңбегіне лайықты дәрежеде ақы төленуге тиіс білікті дәріскерлерді, құқық қорғау, сот органдарының барынша тәжірибелі маман-практиктерін белсенді түрде тарту қажет. Дәрістік насихат, құқықтық жұмыстың басқа да нысандары мен әдістері мәселелерімен айналыса алатын ұйым құру туралы мәселені шешетін уақыт жетті.

Көптеген елді мекендерде, әсіресе ауылдық аудандарда радио, телебағдарламаларына қол жетімсіздік, газеттер мен журналдардың жоқтығы да

азаматтардың оң құқықтық ұстанымының қалыптаспауына ықпал етеді, бұл - халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің жоғалуына әкеп соғады. Идеялық-адамгершілік мазмұны жағынан төмен ақпараттық материал жиі таратылуда.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын құқықтық сипаттағы көптеген материалдар дұрыс дайындалмайды, деңгейі төмен, біржақты беріледі, тар ведомстволық мүдделерді көздейді. Қазіргі кезде республикада құқықтық тақырыпқа маманданған бірнеше апталық газет шығады - бұлар "Око", "Юридическая газета", "Правовой вестник", "Закон и правосудие" - орыс тілінде, "Заң газеті" - қазақ тілінде.

БАҚ-ғы материалдардың көпшілігі оларда келтірілген фактілер бойынша тиісті талдау мен қорытындыларды қамтымайды. Құқықтық түсіндіру, ескерту-алдын алу қызметінің тиімділігіне көрсетілетін төменгі сападағы фильмдер мен хабарлардағы фактілер теріс ықпал етеді.

Сонымен бірге республикада құқық қорғау органдарының қызметін насихаттайтын, олардың оң бет-бейнесін қалыптастыруға, заңға құрметпен қарау жағдайын жасауға ықпал ететін толық метражды көркем, қысқа метражды деректі фильмдер жоқтығын айтуға мәжбүрміз. Өкінішке орай, істің мұндай жағдайы, әсіресе жастар арасында қоғамдық сананың қылмыстық сипат алуына әсер етеді.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда, құқықтық білімді таратуда барлық оқу орындарында жетіспеушілігі үнемі байқалатын түрлі әдебиеттер шығарудың үлкен мәні бар. Республикада заң әдебиеттерін шығаратын мамандандырылған "Жеті жарғы", "Дәнекер" баспалары жұмыс істейді. 2003 жылы олар 30-ға жуық оқулықтар мен оқу құралдарын шығарды, соның ішінде қазақ тіліндегілері бар-жоғы 4-5 атау. Екі баспа да жеке меншіктің жеке нысанында. Сондықтан осы әдебиеттерді шығаруға арналған мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінетін қаражаттың көлемі жеткіліксіз.

Оқу орындарының барлық түрлерінде құқықтық пәндер бойынша білікті педагогикалық кадрлар даярлауда шешілмеген мәселе болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте "Мемлекет және құқық негіздері" пәні аптасына 1 сағаттық жүктемемен тек 9-сыныпта жүргізіледі. Жекелеген мектептерде аптасына бір сағаттан "Демократия" пәні 10 сыныпта, "Құқық мозайкасы", "Заң барлығы үшін" пәндері 5 сыныпта факультативті түрде оқытылады. Халықаралық білім беру жүйесі қорының (бұдан әрі- ХБЖҚ) көмегімен және оның жобасы бойынша шамамен 500 мектепте 10-11 сыныптарда аптасына бір сағаттан "Азаматтану", "Азаматтануға кіріспе" пәндері оқытылады. Тәжірибе көрсеткендей, көрсетілген сағаттар көлемі жеткіліксіз. Жалпы білім беретін мектепте құқық негіздерін оқытуға өзіндік "эксперименттік" тәсіл белең алуда.

Орта кәсіптік білім беру мамандықтарының мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттарында "Заңнама және құқық негіздері" немесе "Құқық негіздері" пәндерін 30-дан 42 сағатқа дейін міндетті оқыту көзделген. Жоғары кәсіптік білімді мамандарды даярлау "Құқық негіздері" пәнін 70 сағат көлемінде оқытуды көздейді. Бұл көлемді жоғары оқу орындары құрамының есебінен көбейтуге болады. Бұл жұмыс берушілердің, еңбек рыногының талаптарына және ғылыми мектептердің бағыттарына қарай жаңа пәндер енгізу құқығы сияқты жоғары оқу орындарының өздерінің құқығы. Кадрлар даярлаудың ерекшелігіне байланысты кейбір мамандықтардың мемлекеттік стандарттары мемлекеттік құрам шеңберінде құқықтық пәндерді оқытуды көздейді. Сондықтан да, әсіресе заңгерлік емес жоғары оқу орындарында мамандар даярлау кезінде құқықтық пәндер бойынша бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды сапалы түрде жеткілікті мөлшерде шығаруды қамтамасыз ету қажет.

Азаматтардың мемлекеттік шешімдерді қабылдауға және олардың орындалуын бақылауға белсенді қатысуы да маңызды роль атқарады, бұл қабылданатын шешімдердің сапасына да, оларды іске асыру тиімділігіне де оң ә с е р е т е д і .

Қабылданатын заңдардың тиісті сапасын қамтамасыз ету, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, халықты құқықтық тәрбиелеу, заңгерлерді, басқа да мемлекеттік қызметшілерді кәсіби оқыту мен тәрбиелеу уақытының қажеттіліктеріне сәйкес келтіру Қазақстанда құқықтық нигилизмнің алдын алу мен еңсеруге, оң құқықтық мәдениетті, заңды жаппай құрметтеу жағдайын қалыптастыруға ықпал ететін болады. Сонымен, жағдайды талдау құқықтық түсіндіру жұмыстарында, құқықтық оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда барлық нысандар мен әдістерді, сондай-ақ барлық мемлекеттік органдардың және жұртшылықтың қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі қызметін пәрменді үйлестіруді ұштастыру қажеттігін дәлелдейді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру болып табылады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуге ықпал етеді:

Қазақстан заңнамасын түсіндіру, онда анықталған кемшіліктерді жою ж ө н і н д е ж ұ м ы с т а р жү р г і з у ;

жаңа тұрпаттағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық даярлығы деңгейін а р т т ы р у ;

бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау, құқықтық түсіндіру жұмысында дүниежүзілік "ИНТЕРНЕТ" желісін қоса алғанда, жаңа ақпараттық

технологияларды

пайдалану;

құқықтық мәдениетті, құқықтық тәрбиені қалыптастырудың өзекті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді жандандыру.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Бағдарламада құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, барлық үлгідегі оқу орындарында құқықтық оқытудың деңгейін арттыру, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білімдерін көтеру жолымен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталған шаралар кешені көзделген.

1. Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру

Осы бағытта "Қазақстан-2030" стратегиясының, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасының ережелерін орындау; Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру; заңға тәуелді кесімдердің уақытылы түсіндірілуін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуді қамтамасыз етуге баса назар аударылуы тиіс. Ақпараттық-насихаттау жұмысының түрлі нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, республика өңірлеріне шығуды тәжірибеге енгізу қажет.

Мемлекеттің қылмыстық саясатын ізгілендіру мәселелері, осы саладағы заңнаманы жетілдіру, Қазақстандағы өлім жазасын кезең-кезеңмен жою мүмкіндігі бойынша белсенді құқық түсіндіру жұмысын жүргізу.

Орталық атқарушы органдардың, Бас прокуратураның (келісім бойынша), Жоғарғы Соттың (келісім бойынша), заң қызметтерімен, баспасөз қызметтерімен өзара байланысты жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асыру. Министрліктердегі және ведомстволардағы, құқық қорғау органдарындағы құқықтық жұмысты ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу. Орталық атқарушы органдардың заң қызметтері мамандарының оқушы жастармен, еңбек ұжымдарында заңнама ережелерін түсіндіру бойынша кездесулер ұйымдастыруды тәжірибеге енгізу.

Мерзімді баспасөз басылымдарында, радио және телеарналарда өзекті маңызы бар, қолданыстағы заңнаманы және құқық қолдану практикасын түсіндіретін мемлекеттің құқықтық саясатының түрлі аспектілері бойынша арнайы айдарлар ашу қажет.

Құқықтық түсіндіру процесін жетілдіру, өзекті құқықтық ақпаратты тарату және алу, оң тәжірибемен алмасу мақсатында кейбір мемлекеттік органдарда

Web-сайттардың жұмыс істеуін жетілдіру қажет.

Республикалық радиода, орталық мемлекеттік телеарналарда құқықтық тақырып бойынша телевизия бағдарламалары мен радиохабарларын, жарнамалық-бет-бейнелік роликтер жасау.

Неғұрлым өзекті құқықтық мәселелер бойынша басшылар мен мамандардың БАҚ-та сөз сөйлеулерін жеке жоспарлауды практикаға енгізу.

Норма жасау қызметінде барынша жиі қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қамтамасыз ету.

Қалаларда және республиканың басқа да елді мекендерінде көрнекі ақпараттар жай-күйінің тіл туралы заңнамаға сәйкестігіне талдау жүргізу.

Мемлекеттің құқықтық саясатының өзекті мәселелері бойынша халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар өткізуді қамтамасыз ету.

Құқықтық тақырып бойынша оқу-әдістемелік, ғылыми және басқа әдебиеттер шығару көлемін ұлғайтуға баса назар аудару қажет.

2. Құқықтық оқыту мен тәрбиелеу

Жалпы білім беретін мектептерде оқушылар үшін құқықтық ақпарат алудың орныққан нысандарын өзгерту, балаларды құқықтық тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру, қашықтан оқыту, тәжірибе алмасу сияқты білім берудің жаңа нысандары мен түрлерін кеңінен пайдалану қажет.

Адамда және азаматта, әсіресе жас ұрпақта патриотизм, заңға құлықтылық, адамның ар-намысы сезімін, басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс белсенді азаматтық және құқықтық білім беруге деген объективті қажеттілік туындады.

Республиканың қалалары мен аудандарындағы ұйымдардың, мекемелердің базасында құқықтық білім беру мектептерін құру туралы мәселені де қарау қажет

Орта кәсіптік және жоғары оқу орындарында құқықтық білім алуда; мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына құқықтық білім негіздерін енгізуде үздіксіздік пен сабақтастықты қамтамасыз ету қажеттілігі туындады.

Құқықтық түсіндіру жұмысы байсалды теориялық базаға сүйенуі тиіс. Осыған байланысты құқықтық мәдениетті, құқықтық тәрбиені қалыптастырудың өзекті проблемалары бойынша мақсатқа сай ғылыми зерттеулер жүргізу, құқықтық оқыту проблемалары бойынша оқытушылардың республикалық және өңірлік конференцияларын, семинарларын өткізуді ұйымдастыру, оқу орындарының құқық пәндері (жекелеген жоспарлар бойынша) оқытушыларын жүйелі түрде қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыру қажет. Мұндай амал құқықты әрбір адамға және тұтастай алғанда қоғамға қажетті әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау үшін негіз жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілердің заңнама саласындағы білімін жетілдіру және оның құқықтық мәдениеті деңгейін көтеру мақсатында орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлерін даярлау мен қайта даярлауға назар аудару қажет. Бұл ретте сабақтар өткізу кезінде заңгер ғалымдарды, саясаткерлерді, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практикалық қызметкерлерін белсенді түрде тарту талап етіледі.

Нормативтік құқықтық кесімдерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшы кадрлары мен мамандарын аттестациядан өткізу үшін салалардың ерекшеліктеріне қарай құқықтық тақырыптың түрлі бағыттары бойынша сұрақтар тізбесін ұдайы жетілдіру қажет.

Дәрістік насихаттың, құқықтық түсіндіру жұмыстарының басқа да нысандары мен әдістерінің мәселелерімен айналысатын ұйым құру жөніндегі мәселені де қарау қажет.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық оқыту мен тәрбие жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шараларға тұтастай алғанда республикалық бюджет қаражатынан 198 миллион теңге бөлу қажет.

Республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі (млн. теңге)

соның	ішінде	жылдар	бойынша:
	2005	жыл -	65 млн. теңге;
	2006	жыл -	66,5 млн. теңге;
	2007 жыл - 66,5 млн. теңге.		

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру тізбесі олардың басымдықтарын негізге ала отырып әзірленген нақты іс-шаралардың негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуы:

электронды БАҚ-та құқықтық тақырыпқа арналған хабарлар көлемін арттыруға;

республикалық мерзімді баспасөз басылымдарындағы құқықтық тақырып бойынша арнайы айдарлардың санын ұлғайтуға;

республикалық радиода және орталық мемлекеттік телеарналарда құқықтық тақырып бойынша телевизиялық бағдарламалар мен радиохабарлардың санын арттыруға;

құқықтық тақырып бойынша оқу-әдістемелік, ғылыми және басқа да әдебиеттерді шығару көлемін арттыруға;

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәдениеті деңгейін елеулі түрде көтеруге;

құқықтық тәртіп пен заңды құрметтеудің нақты жағдайын орнатуға; құқықтық түсіндіру жұмысын, азаматтарды құқықтық оқыту мен құқықтық тәрбиелеуді қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

8. Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжана- Қаржы- тын шы- лан- ғыстар дыру (млн.тг) көзі	
1	2	3	4	5	6	7

1. Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру

1	"Қазақстан-2030" Қазақстан ҚР Әділет Стратегиясының, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003-2006	Қазақстан ҚР Әділет министрінің, ҚР Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Президентінің 2003-2006	Жыл сайын, жарты жылдың және құрау-расы, ҚР Ішкі істер	Шығын талап етілмейді жылдың қорытындысы бойынша министрлігі	арналған бағдарламаның негізгі қағидаларын орындау,	қоғам-
---	--	---	--	--	---	--------

дық қатынастар -
 дың аса маңызды
 салаларында заң-
 наманы жетілдіру
 жөнінде тұрақты
 түсіндіру жұмыс-
 сын жүргізу.
 Ақпараттық-наси-
 хаттау жұмысының
 түрлі нысандары
 мен әдістерін
 пайдалана оты-
 рып, республика
 өңірлеріне
 шығуды тәжірибе-
 ге енгізу

2 Мемлекеттің Қазақстан ҚР Әділет Жыл сайын, Шығын
 қылмыстық сая- Республи- министр- жарты талап
 сатын ізгілен- қасының лігі жылдың етіл-
 діру мәселелері, Үкіметі- және мейді
 осы саладағы не ақпа- жылдың
 заңнаманы же- рат қорытын-
 тілдіру, Қазақ- дысы
 стандағы өлім бойынша

ж а з а с ы н к е з е ң -
 к е з е ң м е н ж о ю
 м ү м к і н д і г і
 б о й ы н ш а б е л с е н -
 д і қ ұ қ ы қ т ы қ
 т ү с і н д і р у
 ж ұ м ы с ы н жү р г і з у

3 Орталық атқару- Қазақстан ҚР Әділет Жыл сайын, Шығын
 шы органдардың, Республи- министр- жарты талап
 Бас прокурату- қасының лігі жылдың етіл-
 раның (келісім Үкіметі- және мейді
 бойынша), Жо- не ақпа- жылдың
 ғарғы Соттың рат қорытын-

(келісім бой-
ынша) заң қыз-

дысы
бойынша

меттерімен,
баспасөз қыз-
меттерімен,
өзара байланыс-
ты, жұмыс тәжі-
рибесімен ал-
масуды жүзеге
асыру.

Министрліктер-
дегі және ве-
домстволардағы,
құқық қорғау
органдарындағы
құқықтық жұмысты
ұйымдастыру
тәжірибесін
зерделеу.

Орталық атқарушы
органдардың
заң қызметтері
мамандарының
оқушы жастармен,
еңбек ұжымда-
рында заңнама
ережелерін тү-
сіндіру бойынша
кездесулер
ұйымдастыруды
тәжірибеге
енгізу

- 4 Web-сайттардың Қазақстан ҚР Әділет Жыл сайын, Шығын
жұмыс істеуін, Республи- министр- жылдың талап
өзекті құқықтық қасының лігі, қорытын- етіл-
ақпараттарды Үкіметіне ҚР Жоғар- дысы мейді
тарату және ақпарат ғы соты бойынша
алу, оң жұмыс (келісім

тәжірибесімен алмасу, норма- тивтік құқықтық кесімдердің мәтіндерін ор- наластыру жө-	бойынша), ҚР Бас прокура- турасы (келісім бойынша)
--	---

н і н д е г і ж ұ м ы с -
т ы ж е т і л д і р у

5 Республикалық мерзімді бас- пасөз басылым- дарында құқық- тық тақырып бойынша арнайы айдарлар ашу	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының Үкіметіне ҚР Ішкі ақпарат істер министр- лігі, ҚР Жоғарғы соты	Жыл сайын, 2005 ж. Респуб- ликалық министр- лігі, қорытын- дысы бойынша 2006 ж. бюджет - 6,0; 2007 ж. жаты - 6,0; Барлы- ғы : 18,0 (келісім бойынша)
---	---	--

6 Республикалық радиоода, орта- лық мемлекет- тік телеарна- ларда құқықтық тақырып бойынша телевизия бағ- дарламалары мен радиохабарла- рын, жарнама- лық-бет-бейне-	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының Үкіметіне ҚР Ішкі ақпарат істер министр- лігі, ҚР Жоғар- ғы соты	Жыл сайын, 2005 ж. Респуб- ликалық министр- лігі, қорытын- дысы бойынша 2006 ж. бюджет - 8,0; 2007 ж. жаты - 8,0; Барлы- ғы : 24,0 (келісім бойынша)
--	---	--

л і к р о л и к т е р
ж а с а у

7 Неғұрлым өзекті құқықтық мәсе- лелер бойынша басшылар мен	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының Үкіметіне ҚР Ішкі	Тоқсан сайын министр- лігі, ҚР Ішкі	Шығын талап етіл- мейді
--	---	---	----------------------------------

мамандардың
БАҚ-та сөз
сөйлеулерін
жеке жоспарлау-
ды практикаға
енгізу

ақпарат істер
министр-
лігі, ҚР
Жоғарғы
соты
(келісім
бойынша),
ҚР Бас
прокура-
турасы
(келісім
бойынша),
ҚР Білім
және ғы-
лым мини-
стрлігі,
ҚР Мәде-
ниет, ақ-
парат
және
спорт
министр-
лігі

8	Норма жасау қызметінде ба- рынша жиі қол- данылатын мемле- кеттік және орыс тілдеріндегі терминдер мен сөз тіркестері- нің тізбесіне	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының Үкіметіне ақпарат	Жыл сайын, 2005 ж. Респуб- жылдың - 2,5; қорытын- 2006 ж. бюджет дысы - 2,5; бойынша 2007 ж. жаты - 2,5; Бар- лығы: 7,5
---	---	--	---

ө з г е р і с т е р м е н
т о л ы қ т ы р у л а р
е н г і з у

9	Қалаларда және республиканың	Қазақстан ҚР Мәде- Республика- ниет,	Жыл сайын, 2005 ж. Респуб- жылдың - 1,5; ликалық
---	---------------------------------	---	--

басқа да елді мекендерінде көрнекі ақпараттар жай-күйінің тіл туралы заңнамаға сәйкестігіне	касының ақпарат Укіметіне және ақпарат спорт министр-лігі	қорытын-дысы бойынша	2006 ж. бюджет - 3,0; 2007 ж. жаты - 3,0; Барлығы: 7,5
---	---	----------------------	--

та л да у ж ү р г і з у

10 Мемлекеттің құқықтық саясатының өзекті мәселелері бойынша халықаралық, рес-публикалық ғылыми-практикалық конференциялар кізіу	Қазақстан ҚР Әділет Республи-касының Укіметіне ақпарат істер министр-лігі, ҚР Жоғарғы соты	Жыл сайын, 2005 ж. Респуб-жылдың қорытын-дысы бойынша	2006 ж. бюджет - 7,0; 2007 ж. жаты - 7,0; Барлығы: 21,0
--	--	---	---

(келісім бойынша)

11 Құқықтық тақырып бойынша оқу-әдіс-темелік, ғылыми және басқа әдеби-еттерді шығару	Оқу құ-ралдары, әдісте-мелік ұсыным-дар, жинақтар және т.б.	ҚР Әділет министр-лігі	Жыл сайын, 2005 ж. Респуб-жылдың қорытын-дысы бойынша 2006 ж. бюджет - 5,0; 2007 ж. жаты - 5,0; Барлығы: 15,0
--	---	------------------------	---

2. Құқықтық оқыту және тәрбиелеу

1 Республиканың қалалары мен аудандарындағы ұйымдардың,	Қазақстан ҚР Әділет Республи-касының Укіметіне мекемелер-дің құқықтық	2005 жыл-ғы, І тоқсан	Шығын талап етіл-мейді
---	---	-----------------------	------------------------

ақпарат базасында білім

б е р у м е к т е п т е -
р і н қ ұ р у т у р а л ы
ұ с ы н ы с т а р д ы қ а р а у

2 Орта кәсіптік және жоғары оқу орындарында құқықтық білім алу да	Қазақстан ҚР Білім Республикасының Үкіметіне	2005 жыл-ғы, I тоқсан стрлігі	Шығын талап етілмейді
	үздіксіз-дік пен тықты	ақпарат сабақтас-ты камтамасыз ету.	
		М а м а н д а р ғ а қ о й ы - л а т ы н б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы н а қ ұ - қ ы қ т ы қ б і л і м н е г і з д е р і н е н г і з у	
3 Құқықтық мәдениетті, құқықтық оқыту мен тәрбиелеуді қалыптастырудың өзекті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу.	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының Үкіметіне	Жыл сайын, 2005 ж. министр-лігі қорытындысы бойынша	Республикалық бюджет қаржы жаты - 2,0; Барлығы: 6,0

М ұ ғ а л і м д е р
ү ш і н қ ұ қ ы қ т ы қ
о қ ы т у п р о б л е м а -
л а р ы ж ө н і н д е г і
м ұ ғ а л і м д е р д і ң
р е с п у б л и к а л ы қ
ж ә н е ө ң і р л і к
к о н ф е р е н ц и я -
л а р д ы , с е м и н а р -
л а р д ы ө т к і з у

4	Ғалым-заңгерлерді, саясаттанушыларды, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практикалық қызметкерлерін отырып, тық пәндердің оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігірін арттыруды жүргізу (жеке-леген жоспарлар бойынша)	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының І тоқсан Үкіметіне ақпарат және әдістерінің селелерімен айналысатын ұйымды құру туралы мәселені қарау	Жыл сайын, 2005 жылдың қорытындысы бойынша	2005 жылғы, 2006 ж. бюджет жаты	Республикалық шығын талап етілмейді
			- 3,0;	- 3,0;	
				2007 ж.	
				жаты	Барлығы:
					9,0

5	Дәрістік насихатты, құқықтық түсіндіру жұмыстарының басқанысандары және әдістерінің селелерімен айналысатын ұйымды құру туралы мәселені қарау	Қазақстан ҚР Әділет Республикасының І тоқсан Үкіметіне ақпарат және әдістерінің селелерімен айналысатын ұйымды құру туралы мәселені қарау	2005 жылғы, 2006 ж. бюджет жаты	Шығын талап етілмейді	
			- 30,0;	- 30,0;	
				2007 ж.	
				жаты	Барлығы:
					30,0;

Л Ы Ғ Ы :

90,0

ЖИЫНЫ: Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын қамтамасыз етуге арналған бюджеттік қаражат көлемі

2005-2007 жылдар

198 млн. Рес-
теңге, пуб-
соның лика-
ішінде: лық
2005 жыл бюд-
-65 млн. жет
теңге;
2006 жыл
- 6 6 , 5
м л н .
т е ң г е ;
2 0 0 7 ж ы л
- 6 6 , 5
м л н .
т е ң г е .